

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Абайдың бұл туындысы Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасымен үйлеседі. Ақын көлемді шығарманы:

*Майдан етіп дүние төрін,
Темір, болат қақтап отқа,
Жекпе-жек кеп, өмір, өлім,
Соққыласып жатқан жоқ па?,* - деп бастайды.

Осылайша, оқиганы шым-шытырық идеяларға негіздеп, оқырманды бірден өзінің поэтикалық кеңістігіне шақыратынын байқаймыз. Қуаты мол, асып-тасқан сезім иірімдері өмір мен өлім аспектісін бейнелі тілмен көрсеткен. Шын өнер – қайшылықтан тұрады. Жақсылық пен жамандық атаулының барлығы да осыған негізделген. Ізгілікке ұмтылған субъект алдында тұрған бүкіл кедергілерді жеңгісі келіп, «жарыққа» ұмтылады. Қ.Аманжолов адам бойындағы осы бір астарлы, нәзік қырды реалды түрде бейнелегенін аңғарамыз.

Қорытынды. Түйіндей келе, таңбаның детальмен, символмен, бейнемен байланысқан тұстарын саралау арқылы көркем мәтіннің ерекше құрылымын айқындауға болады. Өлең структурасын тереңірек зерделеген сайын жаңа мүмкіндіктер мен метафизикалық кеңістіктер ашыла береді. Сонымен қатар, мифтік, танымдық деңгейлердің қаншалықты көпқабатты екенін де байқаймыз. Одан бөлек, образ – поэтикалық мәтінді көркемдеп тұрған өзекті тірек. Ол жоқ болса, сурет «шімайланып», бірізділік жоғалады. Осылайша, өнердің басты фабуласы – эстетикалық таным көрінбейді. Сондықтан көркем бейненің мәтінтүзудегі қызметі әрқашан да басым болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. Москва: Альфа-Принт, 2005. – 1216 с.
2. Власов В. Г. Образ // Власов В. Г. Новый энциклопедический словарь изобразительного искусства. В 10 т. Санкт-Петербург: Азбука-Классика. Т. VI, 2007. С. 376-379.
3. Матиев К.В. Природа художественного образа. Москва: Наука, 1985. – 108 с.
4. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Москва: Просвещение, 1975. – 504 с.
5. Виноградов В.В. Проблемы содержания и формы литературного произведения. Москва: Издательство МГУ, 1958. – 216 с.
6. Белянин В.П. Психологическое литературоведение. Москва: Генезис, 2006. – 340 с.
7. Дмитриева Н.А. Изображение и слово. Москва: Просвещение, 1962. – 316 с.
8. Лосев А.Б. Диалектика художественной формы. Москва: Просвещение, 1927. – 415 с.
9. Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. Алматы: «Жалын», 1998. – 656 б.
10. Дэвидсон Д. Что означают метафоры. В книге: Теория метафоры. Москва: Прогресс, 1990. – 512 с.

ӘОЖ 82.16

М.О.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН КОМПАРАТИВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Әділбекова Жанар Болатқызы

zhanara-snowy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті 8D02314 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., қауымд. проф. А.Ә.Үсен

Өзіндік қайталанбас мұрасымен әлем әдебиетінің биігіне көтерілген қарымы мықты жазушыларымыздың үнемі ізденісте бола отырып, көркемдік әлемін дүниежүзі әдебиеті классиктерінің шығармаларын оқу арқылы байытып отырғаны белгілі.

Зерттеуші ғалымдар қазақ әдебиетінің жауһар туындыларын зерделей отырып, сол көркем шығарманы дүниеге әкелген автордың қаламгерлік лабораториясымен жан-жақты танысып, суреткердің ішкі әлеміне әсер еткен, ол сусындаған әдеби арналарға да шолу жасайды. Өз заманында орын алған оқиғалар, белгілі тұлғалардың жазушы әлеміне қаншалықты әсер еткенін оның шығармашылығымен етене танысу арқылы көз жеткіземіз.

Шынайы көркем туынды өз заманының үні ретінде сол дәуірдің шындығын жырлайды, белгілі бір адамзаттық проблеманы тілге тиек ету арқылы оқырманының жан дүниесіне қозғау салады. Мұндай адамзат баласына ортақ мұрат пен құндылықтар, қоғамдық мәселелер көптеген ұлт әдебиетінен көрініс тауып, өзіндік ізін қалдырады.

«Мәтін», шығарманы «қабылдау көкжиегі» дәуірден дәуірге, жеке адамға қарай бағытталмай, елден елге, мәдениеттен мәдениетке, бір ұлттық ділден екіншісіне қарай ойысып отырады.

Тұтас бір кезең немесе белгілі бір әдеби ағым мүшелерінің шығармашылығын, әр ұлттың сөз өнері өкілдерінің туындыларын салыстырмалы тұрғыда қарастырып талдауға болады. Бұл бағыттағы зерттеулер еліктеу, әсер ету, өзара ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға негізделеді.

Әдебиеттану ғылымында көркем шығарманы реципиенттің қабылдау призмасы тұрғысынан өткізіп, салыстыра зерделеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Көркем шығарманың рецепциясы мәселесі қай кезең де өзінің мән-маңызын жоймайды.

Белгілі француз компоративист зерттеушісі Ив Шеврель кез келген көркем қабылдауға қатысты зерттеу міндетті түрде пәнаралық сипатта болуы және әдебиеттану, философия, тарих, әлеуметтану, психология және коммуникацияның әртүрлі салаларының тоғысында жүргізілу керектігін негіздейді [1:1].

Отандық әдебиеттануда әдеби туындыны «автор – мәтін – реципиент» бірлігінде рецепциялық қабылдау тұрғысынан қарастыруға бетбұрыс жасау автор дүниетанымының көкжиегін анықтауға және оның рухани, мәдени құндылығын тануға жол ашады. Мұндағы «рецепция», яғни қабылдау ұғымы шығарманың идеялық мазмұнын қабылдау, көркем әдебиеттің авторға, реципиентке тигізген әсері мен оның шығармашылығынан көрініс табуы мәселесі жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Көркем туындыға рецептивтік тұрғыдан баға беру, оны жасаушы автор мен қабылдаушы тұлға арасындағы қатынастың орнауы психология, әдебиеттану секілді бірнеше ғылым тоғысында зерттеуді талап етеді.

Көркемдік рецепция бұған дейін оқып танысқан, ой елегінен өткізген ақпаратты өз мәтіндері негізінде автордың қайта құру әрекетін білдіреді [2:309]. Л.Я. Гинсбург өз зерттеуінде «қайта құруды» өз әлем картинасының басқа авторға проекциялануы ретінде түсіндіреді [3:192].

Рецептивтік талдау жүргізу үшін көркем шығарманы жасаушы автор туралы толық хабардар болуымыз керек. Осы ретте халқымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығын әлем әдебиеті парадигмасында, тұлғааралық коммуникация тұрғысынан әлі де жете салыстыра отырып зерттеу міндеті тұр.

М.О.Әуезовтің шығармашылығы – ұлттық төл әдебиетіміздің ғана емес, барлық адамзат мәдениетінің ірі жетістігі екені белгілі. Ал, қаламгерліктің даңғыл жолына түсіп, оның кемелденіп өсуіне, жазушылық шеберлігінің ұшталуына қазақ, орыс, шығыс және батыс әдебиетінің озық үлгілерімен таныстығы, осы арналардан сусындауы әсер етсе керек.

Мұхтар Әуезовті әлем халықтарының мәдениеті арасындағы диалогтық сабақтастықты орнатқан дарын иесі ретінде танимыз.

Әдебиеттанушы ғалым Н. Анастасьев М.Әуезовтің драматургиясы Шекспирдің, алғашқы әңгімелерінің Джек Лондон мен Джозеф Конрадтың, «Абай жолы» роман-эпопеясының Джон Голсуорси және У. Фолкнер мұрасымен үндестігін байқаған [4].

Әдебиеттанушы ғалым А.К. Машакованың ғылыми зерттеулерінде әртүрлі мемлекеттер мәдениетінің арасында үздіксіз ақпарат алмасу процесі жүруіне байланысты белгілі бір жазушының шығармасы өз елінің ғана емес, өзге де шетел мәдениетінің рецепция объектісіне айналатынын негіздейді [5].

Мәселен, М.Әуезов 1929 жылы «Көксерек» повесін жазып, 6 жылдан соң Джек Лондонның «Ақ азу» романын қазақшаға аударды. М.Әуезов «Көксерек» повесінің Джек Лондонның «Ақ азу» шығармасының әсерімен жазылғанын, сондай-ақ аталған повестің Дж.Лондон, А.П.Чехов, Л.Н.Толстой әңгімелерімен бір қатарда жазылған туынды екенін, «жыртқыш» психологиясын көрсетуге тырысқанын айтып өтеді. Джек Лондон шығармасындағы адам мен қасқырдың драмалық жекпе-жегі М.Әуезов қиялын дүр сілкіндірген оқиға болғанын есіне алады [6:86].

Америка жазушысы Джек Лондон «Ақ азу» повесінде ит пен қасқырдың будандасуынан туған қасқыр әрекеттерін сипаттап қана қоймай, оның «ішкі әлеміне» еруге тырысады, оның дамуын мұқият бақылайды. «Ақ азу» арқылы адамзат жүгін арқалаған күрделі проблеманы меңзейді. Адам баласының бойындағы ізгілік пен ақылдың болуын оны жануарлар дүниесінен айрықшалайтын негізгі қасиеттер деп біледі.

Сол сияқты М.Әуезов те Көксеректің тағылық мінезін, ішкі әлемін, адамдармен, басқа көкжалдармен қарым-қатынасын егжей-тегжейлі суреттеп, жануарлар мен адам табиғаты арасындағы қарама-қайшылық пен шиеленісті жан-жақты суреттейді.

Жазушы «Қозданған қан толқынып кеп, тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді. Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді. Ашулы тістер сытыр-сытыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр» деп, жыртқыш аң Көксерек пен Аққасқа иттің айқасын суреттейді [7:31].

Ал, Джек Лондон Ақ Азу мен Чероки арасындағы жекпе-жекте: «Осы кезде Ақ Азу қанденге шап беріп онсыз да жалбырап жүрген құлағын айырып жіберді де, өзі бір жаққа секіріп кетті. Ашулана бастаған Чероки, айнала қашқан Ақ Азуды қайтадан қуа жөнеліп, оның тамағына жабысып, тістей қатуға жанын салды. Қанден сәл оқыс жіберіп алды. Ал Ақ Азу қарсы жаққа қапыл қарғып кетуімен ғана құтылып, «бәрекелді» дегізіп, топты шулатты. Ақ Азу бірнеше минутке ойлаудан айырылды. Ол санасыз түрде қимылдап жүр. Ақылдың оты сөніп, өмір үшін бекер қимыл жасауға талпына берді. Қимылдау керек, қайтсе де қимылдау керек, - тек тірліктің нышаны қимылдаумен ғана көрінеді» [8:140-141] - деп, әбден титықтап шаршаған жануардың өмір сүруге деген ұмтылысын көреміз.

Әрине, М.Әуезовте Көксерек – түркілердің арғы тегіне ортақ көк бөріге табынған символдық бейне. Екі аяқтылардың қасқырлар апанына жасаған қатігездігін: «Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырады да, екінші біреуін - ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды... [7: 8-9], -сипаттай келе, сол тұстағы отаршыл үкімет бейнесін тұспалдап көрсетуге тырысады. Қоғамда орнаған саяси-экономикалық ахуал шығарманың кілтін белгілейтіні айқын. Шығармадан ішкі психологиялық драматизмді, өмірлік тартыс желісіне куә боламыз.

Әуезовтанушы ғалым Б. Майтанов: «Әңгімеде шектеулі мөлшерге сыймайтын әр тарапты психология заңдылықтары үнсіз сөйлеп тұрғандай. «Көксеректі» әлем әдебиетінің антологиясына кіргізетін, қамырдан қыл тартқандай қалам құдіреті, шеберлік осындай-ақ болар!» деп жоғары бағалайды [9:36].

Қос жазушы әртүрлі қоғамдық, әлеуметтік ортада өмір сүргеніне қарамастан, өз заманының шындығын көрсетіп, адам болмысын танытудағы белгілі бір дәрежедегі ұқсастықты байқауымызға болады.

Өз заманының ең ұлы жазушыларының бірі Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын әлем әдебиеті кеңістігіндегі өзге де алыптармен салыстыра зерттеу, рухани және танымдық үндестікті айқындау болашақта жүргізілуі тиіс зерттеулердің еншісінде екені анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Chevrel Y. Comparative Literature Today. Methods and Perspectives. Kirshville, Missouri, 1994. P. 1.
2. Левакин Н. Н. Художественная рецепция как литературоведческое понятие (к вопросу понимания термина) // Известия ПГЛУ им. В.Г. Белинского. 2012. № 27. С. 309
3. Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Л., 1979. С. 192.
4. Трагедия триумфатора: Мухтар Ауэзов - судьба и книги [Текст] / Н. А. Анастасьев ... – Алматы: Атамұра, 2007. – 503.
5. http://www.rusnauka.com/18_DNI_2010/Philologia/69591.doc.htm
6. М.Ауэзов. Собрание сочинений в 5-ти томах. – М., 1975.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 2-Т. -Алматы: Жазушы. 1979. - 436.
8. Джек Лондон. Ақ Азу. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы. 1948.-206 б.
9. Майтанов Б. Қасқыр және әлем заңдылығы // Жұлдыз. № 1. 2001, 143 б.

УДК 12.07

СКРЫТЫЙ СМЫСЛ ИЗ ПЯТИ ПИСЕМ ИВАНА-ГОГОЛЕВА-КЫНДЫЛА «БОГИНЯ МИЛОСЕРДИЯ»

Гаврильева Милена Васильевна

milena.gavr123icloud.com@mail.ru

Студент 4 курса, Северо-Восточный Федеральный Университет им.М.К.Аммосова,
г. Якутск, РФ

Научный руководитель: М.Попова к.ф.н, доцент СВФУ

Выделяют два способа использования письма в литературе. Первое-письмо как основа композиции. Второе-письмо как часть композиции. В своем романе «Богиня милосердия» Иван Гоголев использовал первый способ применения писем в произведении. Главный герой-Кулусун решил со дня рождения своего сына записывать поучительные истории из своего опыта, чтобы вручить ему их в день совершеннолетия. Каждое письмо вмещает нравоучения, с помощью которых подрастающее поколение может сделать полезные и плодотворные выводы. «В письмах героя переданы сокровенные думы автора: о предназначении человека, о роли природы в формировании основ личности, об истоках народной культуры, о родном языке» [1].

Проблема человека и времени. Герои глав-новелл живут в кризисных моментах конкретных исторических событий. Масштабные события, затрагивающие как и маленькие общества и территории, так и мир в целом, всегда отражаются на судьбах людей. Так и герои в романе становятся пленниками времени.

Первое письмо. В нем указаны жестокие последствия гражданской войны. Когда отец вступает против сына, братья убивают друг друга в силу своих взглядов. Отстаивание своих взглядов не должно нести насильственного характера, подталкивать людей к грехам. Ведь столько людей, столько и мнений. Каждый человек должен понимать это и быть толерантнее. Иначе человечество ждет войны, смерти и большие потери.

Во **втором письме**, повествуется о Элэстирове, который пережил многие страдания во время политических репрессий. В молодости он был перспективным учителем родного языка и литературы Коллега доносит властям о спрятанном у парня книги, автор которого был репрессирован. Элэстирова отправляют в тюрьму на пятнадцать лет. По рассказу этого человека, приходим к заключению, что даже люди, которые на свободе физически, внутренне они угнетены от устоев и принципов внешнего мира, особенно остро это сказывалось во время репрессий.

Третье письмо говорит о трагедии народа в период Великой Отечественной войны Мучуман и Сырбай были призваны на войну. В этой главе остро показано противостояние выбора. У Мучумана их было две: исполнить долг перед родиной, либо перед близким человеком-матерью. С одной стороны он сделал правильный выбор, но с другой, он стал